

Керекті құжаттар тізімі

Резидентураға түсетін тұлғалар қабылдау комиссиясына **3 - 25 шілде** аралығында келесі құжаттарды ұсынады:

1. Басқарма Төрағасы-ректордың атына өтініш (қабылдау комиссиясында толтырылады).

Үміткерлер өтініште бір негізгі және қалауы бойынша бір баламалы білім беру бағдарламасын көрсетеді.

2. Денсаулық сақтау бакалавры дәрежесін беру туралы Диплом және дипломға қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі қосымшалар (түпнұсқалары мен көшірмелері);

3. Дәрігер біліктілігін беру туралы Диплом және дипломның қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі қосымшалары (түпнұсқалары мен көшірмелері);

4. Интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі (түпнұсқа мен көшірмесі);

5. Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының көшірмесі;

6. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (2 дана);

7. Еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болған жағдайда);

8. 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

9. 075-у үлгідегі медициналық анықтама (түпнұсқа мен көшірмесі),
флюорография суреті (түпнұсқа мен көшірмесі);

10. Деканның қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталған интернатурадағы («Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ (ҰТЕО) өткізетін тестілеу) қорытынды аттестаттаудың 1-кезеңінің нәтижесі;

Егер интернатураны бітірген жылы тестілеу жүргізілмесе, онда оқуға түсуші қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырғанға дейін «Жалпы медицина»/

«Стоматология» білім беру бағдарламасы бойынша тестілеуді ҰТЕО-ға тапсырады.

11. Ғылыми жарияланымдардың болуы туралы (бар болған жағдайда) Б.Атчабаров атындағы ғылыми-зерттеу институтының ғылым және инновация бөлімі берген анықтама;

12. Дипломға қосымшада GPA болмаған жағдайда талапкер өзі оқыған оқу орнының қолымен және мөрімен расталған GPA орташа балды қайта есептеу туралы анықтаманы ұсынады.

5-7-тармақшаларда аталған құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары оқуға түсушіге қайтарылады.

Құжаттар тізімі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

!!! Өзіңізбен бірге барлық құжаттардың электронды нұсқасы PDF форматта болуы керек .

!!! HeRo Study Space университеттің ақпараттық жүйесіне келесі сілтеме бойынша <https://kaznmu.hero.study/> тіркелу керек, тіркелгеннен кейін талапкердің сауалнамасын толтыру қажет.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы:: 050000, Алматы қ.,
Бөгенбай батыр көшесі, 151

Тел.: 8727-338-70-27 (ішкі: 7071, 7350)

Сізден нақты ақпаратты біздің сайттан қадағалап отыруды сұраймыз.